

14 – 18 сәуір, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE биржалық нарықтың 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы жұмысын [қорытындылады](#).
- KASE ресми тізіміне "Отбасы банк" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-тың [төрт](#) шығарылымындағы, "КМФ (КМФ)" Микроқаржы ұйымы" АҚ-тың [KZ2C00013761](#) (MFKMb6) және [KZ2C00013779](#) (MFKMb7), "ОнлайнКазФинанс" МҚҰ" АҚ-тың [KZ2C00010833](#) (MFOKb27) облигациялар, жергілікті атқарушы органдардың [төрт](#) шығарылымдағы облигациялары қосылды.
- Айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты "Birinishi Lombard" ЖШС-ның [KZ2P00009277](#) (MFBb1) облигациялары, Еуразия даму банкінің [KZ2D00011012](#) (EABRb51) облигациялары, Әбу-Даби әмірлігінің [XS2125308085](#) (AE_03_2504) халықаралық облигациялары, Катар мемлекетінің Қаржы министрлігінің [XS2155352151](#) (QA_05_2504) халықаралық облигациялары, АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797KS58](#) (US128_2504) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінен шығарылды.
- KASE-де "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-тың [KZ2C00012268](#) (BTRKb20) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- "Банк ЦентрКредит" АҚ KASE-де өзінің 10 766 574 дана KZ0007786572 (CCBN) жай акциясын 23,7 млрд теңгеге [сатып алды](#).
- Қазақстанның Қаржы министрлігі 53,9 млн MEYKAM [KZKD00001269](#) (MUM120_0020), 103,9 млн MEYKAM [KZKD00000477](#) (MUM084_0020) орналастырды.
- "Банк ЦентрКредит" АҚ KASE-де 10,0 млн дана KZ2C00004083 (CCBNb29) облигациясын 10,2 млрд теңгеге [сатып алды](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012037 (KFUSb77) облигацияларын орналастырып, 8,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00012391 (KFUSb91) облигацияларын орналастырып, 7,2 млрд теңге [тартты](#).
- Төрт облыс әкімдігі KASE-де 28,5 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ US46627J3023, US46627J2033 (HSBKd) ЖДҚ сатып алу бағдарламасы шеңберінде меншікті бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Магистральдық суағызғы" ЖШС "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ-тан алған облигациялық қарыз бойынша негізгі борышты бірінші өтеуді сәтті [жүзеге асырды](#).
- "GoldFinMarket" ломбарды" ЖШС Алматыда төрт жаңа бөлімше [ашты](#).
- "Кселл" АҚ 2024 жылдың төртінші тоқсаны мен он екі айының қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- "ForteBank" АҚ акционерлерге бұрын сатып алынған жай акцияларды олардың басым сатып алу құқығына сәйкес сатып алу туралы ұсыныс [жасайды](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ Директорлар кеңесі 2024 жыл бойынша дивиденд көлемін [ұсынды](#).



18.04.2025


Трендтер (%)

KASE Индексі 5 565,73 1,3 -1,3

Өтімділіктің бірінші сыныбы Бағасы Δ 7к Δ 1а

АО "Банк ЦентрКредит"	2 880,16	5,1	3,5
Apple Inc.	209,98	5,0	- 2,3
АО "Казактелеком"	49 600,00	4,5	5,2
AT&T Inc.	27,18	3,0	1,3
АО "Народный Банк Казахстана"	291,98	2,4	8,6
Microsoft Corporation	389,48	1,2	2,0
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	16 540,00	1,1	- 11,8
АО "КазТрансОйл"	809,98	1,1	0,9
PayPal Holdings Inc.	61,34	0,9	- 11,1
АО Kaspi.kz	46 141,00	0,7	- 8,0
Pfizer Inc.	22,32	0,5	- 13,2
Freedom Holding Corp.	125,51	0,5	- 7,6
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	14 747,00	0,3	2,1
АО "KEGOC"	1 468,39	- 0,2	- 0,3
АО "Кселл"	3 346,00	- 0,2	- 1,0
АО "ForteBank"	7,56	- 0,9	- 3,1
АО "Эйр Астана"	725,03	- 1,1	- 6,6
АО "KM GOLD"	70,00	- 1,4	- 10,8
Tesla, Inc.	245,00	- 3,2	5,2
Bank of America Corporation	36,00	- 3,4	- 13,7
Advanced Micro Devices, Inc.	89,00	- 4,3	- 13,7
Intel Corporation	18,83	- 4,9	- 27,4
NVIDIA Corp.	103,71	- 5,7	- 12,5

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген



Өткен аптада KASE индексі 5 565,73 пункт белгісіне дейін 1%-ға өсті.

Қазақстанның бағалы қағаздар нарығындағы есептілік маусымы жалғасуда. Өткен аптада телекоммуникация секторындағы компаниялар есеп берді.

Сонымен, Кселл 2024 жыл бойынша қаржылық нәтижелерді хабарлады. Компанияның кірісі жылдық көрсетуде 6%-ға өсіп, 241 млрд теңгені құрады. Бұл ретте қызметтердің өзіндік құны 184 млрд теңгеге дейін ұлғайды, нәтижесінде жалпы пайданың 58 млрд теңгеге дейін төмендеуіне әкелді. Операциялық пайда 34 млрд теңгені, ал таза пайда 10 млрд теңгені құрады. Апта қорытындысы бойынша ұялы байланыс операторының акциялары 3 346 теңгеге дейін 0,2%-ға төмендеді.

Қазақтелеком 2024 жылғы қаржылық нәтижесі туралы есеп берді. Қазақтелекомның жалпы пайдасы 110 млрд теңгені құрады. МТС-тегі үлесін ескере отырып, таза пайдасы 77 млрд теңгеге дейін төмендеді. Негізгі қаржылық коэффициенттер, атап айтқанда, активтердің рентабельділігі 4,7%, меншікті капиталдың рентабельділігі 9% болды. Компанияның баспасөз мәлімдемесінде берілген мәліметке сәйкес, 2024 жылдың соңына қарай компания еліміздің барлық ірі қаласында 5G желісін орнатуды аяқтады. Лицензиялық міндеттемесі 2 350 объекті көлемінде болған кезде, 2 980 базалық станция пайдалануға берілді. Компанияның жай акциялары 4%-ға, 49 600 теңгеге дейін қымбаттады.

Апта қорытындысы бойынша қаржы секторы өкілдерінің акциялары өсім жөнінен үздік болды. Бір апта ішіндегі ең көп өсімді ЦентрКредит Банкінің жай акциялары көрсетті, олардың бағасы 5%-ға қымбаттап, 2 880 теңгеге дейін жетті. Өткен аптада ЦентрКредит Банкі өзінің 10,7 млн дана жай акциясын 23,7 млрд теңгеге сатып алды. Бұған дейін Банк ұйымдастырылған нарықта бір акция үшін 2 200 теңгеден 15,9 млн жай акциясын сатып алу туралы шешім қабылдағанын хабарлаған болатын.


Қаржы секторының енді бір өкілі – Қазақстан Халық Банкінің жай акцияларының бағасы 2%-ға өсіп, 292 теңге болды. Халық банкі жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу бағдарламасы аясында 7 сәуірден 11 сәуірге дейін \$ млн АҚШ доллары сомасына 158 мың меншікті бағалы қағазын сатып алды. ЖДҚ \$21-ден \$22-ге дейінгі бағамен сатып алынды.

ҚазТрансОйл баспасөз хабарламасының мәліметіне сәйкес, компанияның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына дивиденд төлеуге 33 млрд теңге немесе бір жай акцияға 86 теңге бөлуді ұсынды. "ҚазТрасОйл" АҚ-тың жай акциялары аптаны жасыл аймақта жауып, 1%-ға, яғни 810 теңгеге дейін көтерілді.




Ақша нарығында біркүндік TONIA репо тарту мөлшерлемесі 28 б.п. төмендеп, апта қорытындысы бойынша жылдық 15,63% құрады. Біркүндік валюта свопы операцияларының АҚШ долларымен кірістілігі бір аптада жылдық 11,32%-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Наурыз айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 1%-ға әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 504,27 теңгеге жетті. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 237 млн АҚШ долларынан 243 млн АҚШ долларына дейін артты. Жалпы сауда көлемі 4,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордан наурыз айында валюта сату 748 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферт бөлуді, сондай-ақ «Талдықорған-Үшарал» магистральдық газ құбырын салу бойынша инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 18%-ын немесе күніне шамамен 44 млн АҚШ долларын құрады.

Үкіметтің республикалық бюджетке трансферт бөлуге берілген алдын ала өтінімдері бойынша сәуір айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 950-ден 1 050 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатады деп күтілуде.

Еліктеу операциялары аясында наурызда 249 млрд теңге стерильденді, нәтижесінде 1-тоқсанда стерилизацияның жалпы көлемі 742 млрд теңгені құрады. Осы мақсатта 2-тоқсанда 640 млрд теңгеге жуық, оның ішінде сәуір айында 213 млрд теңгеге жуық валюта сатылады деп күтілуде.


Ұлттық Банк наурызда валюталық интервенция жүргізбеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату бойынша норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі 376 млн АҚШ долларын құрады.

Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 40% деңгейінде ұстап тұру мақсатында наурыз айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асырды, олардың жалпы сомасы 250 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 6%-ын құрады. Бұл ретте, сәуір айындағы валюта сатып алу көлемі 250 млн АҚШ долларынан аспайды.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
S&P 500	5 282,70	-1,5	-6,9	5,4	-1,5
Dow Jones	39 142,23	-2,7	-6,7	3,6	-2,6
PTC	1 115,38	5,1	-9,2	-3,9	
MMBБ	2 872,77	1,5	-11,1	-16,9	
Hang Seng	21 395,14	2,3	-13,6	30,6	2,7
SS CSI 300	3 772,52	0,6	-5,9	5,7	0,6
Euro Stoxx 50	4 935,34	3,1	-10,4	0,0	3,1
FTSEuroFirst	5 461,00	4,0	-9,8	2,4	3,9
FTSE 100	8 275,66	3,9	-5,0	5,1	4,1
KASE	5 565,73	1,3	-1,3	12,8	

Шикізат нарығы

18.04.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	67,96	4,9	-4,0	-22,0
Мұнай (WTI)	64,68	5,2	-3,7	-21,8
Табиғи газ	3,25	-8,0	-23,6	84,7
Мыс	473,90	4,8	-6,6	6,8
Темір	758,50	0,2	-2,6	-17,4
Алтын	3 326,85	2,8	9,2	39,8
Күміс	32,47	1,8	-4,4	14,4
Астық	548,75	-1,3	-2,6	2,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

		Валюта	Болжам	Алдыңғы
23.04	Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (сәуір)	USD	49,3	50,2
23.04	Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (сәуір)	USD	52,9	54,4
23.04	Жаңа тұрғын үйді сату (наурыз)	USD	680K	676K
23.04	Шикі мұнай қорлары	USD		0,515M
24.04	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген бастапқы өтінімдер саны	USD		215K
24.04	Қайталама тұрғын үй нарығындағы сату (наурыз)	USD	4,14M	4,26M
25.04	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (сәуір)	USD	21,00%	21,00%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	10,0%	01.04.25	9,4%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	50,3	01.04.25	47,9
Ақша базасы, млрд KZT	13 787,2	01.04.25	13 662,6
Ақша масса, млрд KZT	44 753,0	01.04.25	44 674,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 тұрақты	21.02.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	09.09.24	Baa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.11.24	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдаулардың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді. KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.